

## Иондаушы сәулелеу көзін әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 11 қыркүйек N 433-ө

1. "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 P960298\_ қаулысына сәйкес "Алматы темекі фабрикасы" акционерлік қоғамына "Hauni Maschinenbau AG" фирмасымен (Германия) 1996 жылғы 11 шілдеде жасалған N 0256-58A контрактіге орай Қазақстан Республикасына сигарет штрангісінің нығыздалу тығыздығын анықтайтын аспапқа пайдаланылатын қуаты 20 мКи стронций-90 (СЭҚ ТН коды 2844 40000) негізіндегі иондаушы сәулелеу көзін әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттікке жүктелсін.

Премьер-Министр